



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДІН ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ
ТАҚЫРЫПТАРҒА АРНАЛҒАН
20 СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП

3 ШЫҒАРЫЛЫМ:
«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ - 114» ҚЫЗМЕТІНЕ КЕЛІП ТҮСКЕН
СҰРАҚТАР БОЙЫНША



ӘОЖ 2
КБЖ 86.2
Д 91

Жауапты редакторлар:

Е.С. Абдақасов, Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі
төрағасының орынбасары

Б.К. Көлекеев, Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі
Конфессияаралық қатынастар департаментінің директоры

Д 91

Дін саласындағы өзекті тақыраптарға арналған 20 сұрақ пен жауап: 3 шығарылым: Қауырт желі - 114» Қызметіне келіп түскен сұрақтар бойынша / Құраст.: Н.А. Мұқанова, Ж.Қ. Жарқымбеков, Ю.О. Денисенко. – Астана: ҚР ДІА, 2014. – 17 б.

Басылымда «Қауырт желі - 114» қызметіне жиі келіп түсетін діни саланың түрлі аспектілерін қамтитын өзекті мәселелерге жауаптар берілген.

Жинақ дін саласындағы мәселелерге қызығушылық танытатын кең аудиторияға ұсынылады.

ISBN 978-601-7028-86-2

ӘОЖ 2
КБЖ 86.2

ISBN 978-601-7028-86-2

© ҚР Дін істері агенттігі, 2014

Мазмұны

1. Діни бірлестікті неге міндетті түрде тіркеу керек?.....	5
2. Егер көрші пәтерде үнемі шулы діни жоралар өткізілетін болса, қайда хабарласуға болады?	5
3. Миссионер ретінде қай жерде және қалай тіркелуге болады?.....	6
4. Егер белгісіз біреулер үнемі үйге қоңырау шалып, Құдай туралы сөз қозғайтын болса, ондай жағдайда не істеу керек?	7
5. Егер маған немесе менің отбасыма діни әдебиеттер ұсынылатын болса не істеуім керек?	7
6. Діни әдебиеттің дұрыс немесе тыйым салынған екенін қалай анықтауға болады?	8
7. Егер діни ұйымдардың мүшелері көшеде діни әдебиеттер ұсынып, діни жиындарға қатысуға шақыратын болса не істеу керек?	8
8. Балам ағылшын тілінің тегін курсына бара бастады, бірақ уақыт өткен соң оқушылармен сабақ соңында діни тақырыпта әңгімелер жүргізілетіні белгілі болды	8
9. Бұрынғы әйелім кәмілет жасқа толмаған баламды менің (бала әкесінің) рұқсатымсыз діни жиналыстарға ертіп апарады. Не істесем болады?	9
10. Біздің үйдің ауласында қайырымдылық шарасы өткізіліп, онда балаларға сыйлыққа қоса діни әдебиеттер таратылды. Бұл заңды ма?	9
11. Менің қарындасым «Ата жолы» ұйымына баруда. Содан бері ол ашуланшақ, психикасы тұрақсыз болып, елестеушілік(галлюцинаторлық) өзгерістер пайда бола бастады. Не істесе болады?	10
12. Адамдар не себептен деструктивті діни ағымдарының ықпалына түседі?.....	10

13. Егер сіздің жақыныңыз күмәнді діни ұйымға кіріп кетсе не істеу қажет?	11
14. Егер жолдасыңыз күдікті діни ұйымның ықпалына түсіп, ол жерге жалақысы мен үйдегі заттарды апаратын болса не істеу қажет?	12
15. Біздің облыста саентология өкілдері түрлі білім беру бағдарламалары мен консалтингтік қызметтер аясында өз діни ілімдерін таратады. Бұл әрекет заңды ма?	13
16. Ғаламторда бір діннің басқалардан артықшылығы насихатталатын жабық топқа кіру туралы ұсыныс алдым	13
17. Ғибадат үйін салуға рұқсатты қай жерден алса болады және ол үшін қандай құжаттар қажет?	14
18. Некелесу рәсімі кезінде неке неге міндетті түрде АХАТ органдарында тіркелуі керек?	14
19. Христиан діні донорлыққа қалай қарайды?	15
20. Діндердің вакцинациялауға көзқарасы қандай?	16

Дін саласындағы өзекті мәселелерге жауаптар («Қауырт желі - 114» қызметіне келіп түскен өтініштер бойынша)

1. Діни бірлестікті неге міндетті түрде тіркеу керек?

2011 жылы 11 қазанда азаматтардың мемлекеттік-конфессиялық қатынастарын әрі қарай жетілдіруге және азаматтардың құқығы мен діни сенім бостандығын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы қабылданды.

Осы Заңмен діни қатынастар субъектілерінің қызметін реттеу мақсатында діни бірлестіктердің белгілері мен оларды тіркеу тәртібі бекітілген.

Заңның негізгі ережелері Еуропа елдерінің тәжірибелеріне негізделген.

Белгілі болғандай, азаматтар дінді қандай да бір тіркеусіз ұстануына болады. Бұл дегеніміз – әр азамат жекеше түрде Құдайға сенуге, құлшылық пен жекелеген діни жораларды тіркеусіз жасай алады. Бірақ, ұжыммен тұрақты түрде діни құлшылықтар орындауға, дінді тарату арқылы ұйымға басқаларды тартуға тек тиісті ұйым тіркелгеннен соң ғана жол беріледі.

Барлық діни ұйымдарға тіркелуге талап бірдей. Діни қызметпен айналысуға нақты талаптарды бекітетін бұл Заң, заңды қызмет атқаратын бейбіт діндерді және олардың ұстанушыларын экстремизм мен діни төзімсіздікті насихаттайтындардан немесе дінді жеке пайдаларына қолданатындардан қорғауға бағытталған.

Одан бөлек, діни бірлестіктердің мәртебесі тиісті ұйымға салықтық және діни ұйымдарға берілетін басқа да жеңілдіктерді пайдалануға құқығы мен міндеттері бар құқықтық мәртебеге ие болуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні, Қазақстанда 3 449 діни бірлестік пен олардың филиалдары тіркеуден өткен.

2. Егер көрші пәтерде үнемі шулы діни жоралар өткізілетін болса, қайда хабарласуға болады?

Құдайға сену, діни жоралар, жиналыстар және басқада шаралар тұрғылықты жерде тұрғындардың құқықтары мен қызығушылықтарын сақтаған жағдайда өткізілуіне болатыны Қазақстан Республикасының

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында нақты жазылған.

Егер Сізге жақын жерде діни жоралар өткізіліп, сонымен қатар тәртіп бұзушылық орын алып жатса, Сіз тұрғылықты ішкі істер органдарына шағымдана аласыз.

2004 жылдың 13 желтоқсанындағы Денсаулық сақтау министрі бекіткен «Гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» № 84 бұйрығына сәйкес көп қабатты тұрғын үйлердің тыныштығы 23.00-ден таңғы 7.00-ге дейін сақталуы тиіс.

Сонымен қатар, азаматтар, тыныштықты сақтамау фактілері орын алған жағдайда төлемақыларды санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына қадағалайтынын есте сақтаған жөн.

3. Миссионер ретінде қай жерде және қалай тіркелуге болады?

«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» стандарттарына сәйкес, облыс әкімшілігімен, республикалық маңызды қалалар және астаналарда аталған қызмет ұсынылады. Бұл қызметті пайдалану үшін, Сізге мынадай құжаттар тізімімен әкімшілікке өтініш білдіре аласыз:

1. үлгіге сәйкес өтініш;
2. жеке төлқұжаттың немесе куәліктің көшірмесі;
3. тіркеу туралы куәліктің немесе миссионер оның атынан өкілдік ететін діни бірлестіктің өз елінің заңдарына сәйкес ресми тіркелгенін куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесі;
4. миссионерлік қызметке арналған әдебиет, діни мақсаттағы аудио, бейне материалдар және (немесе) өзге де заттар. Есептік тіркелгеннен кейін діни мазмұндағы материалды қосымша пайдалану басқармамен келісіледі.

Миссионер көрсетілген құжатты ұсынған кезде белгіленген тәртіппен тіркелген төлқұжатын немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжатты көрсетеді.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионер ретінде тіркелу үшін жергілікті атқарушы органдарға мынадай құжаттарды:

- 1) миссионер өкілдік ететін діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгендігін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыруын қосымша ұсынады.

Шет мемлекеттерде берілген құжаттар, Қазақстан Республикасының нотариалды түрде куәландырылып, қазақша және орысша аудармалары мен аудармашының қолы Қазақстан Республикасының нотариалды куәландырылған түрде болу керек.

4. Егер белгісіз біреулер үнемі үйге қоңырау шалып, Құдай туралы сөз қозғайтын болса, ондай жағдайда қайда хабарласу керек?

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында көрсетілгендей, өз діни сенімдерін діни ұйымның аумағынан тыс жерде немесе тыйым салынған аумақта таратуға қатаң тыйым салынады.

Азаматтарды діни сұрақтар мазалаған жағдайда құқыққорғау органдарына және тұрғылықты дін істері басқармасына шағымдануға болады.

5. Егер маған немесе менің отбасыма діни әдебиеттер ұсынылатын болса, не істеуім керек?

Егер Сіздің немесе жақындарыңыздың мазасын қандай болсын діни ұйымның дін таратушылары алып жатса, құқыққорғау органдарына немесе дін істері басқармасының әкімдігіне шағымдануыңызға болады.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес діни әдебиеттерді тарату тек культтік ғимараттарда, рухани оқу орындарында және арнайы арнаулы орындарда таратуға рұқсат. Осы орындарды тұрғылықты іс-жүргізу органдары анықтайды.

Республикамызда діни кітаптарды көшелерде, үйлерде, көпшілік орындарда, тағы басқа жерлерде таратуға Заңнамамен тыйым салынған.

Егер кітап дүкендері діни әдебиеттерді сатуға ниеттенсе, қала, облыс әкімшілігінен рұқсат алуы тиіс.

Алайда, діни әдебиеттерді тарату немесе сату үшін рұқсат алынғанымен, Дін істері агенттігінің діни сарапшыларының оң қорытындысын алғаннан соң ғана жүзеге асырылуы тиіс.

6. Діни әдебиеттің дұрыс немесе тыйым салынған екенін қалай анықтауға болады?

Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын діни әдебиеттер ең алдымен ҚР Дін істері агенттігінің діни сарапшыларынан өтуі керек. Рұқсат етілген әдебиеттер тізімі Дін істері агенттігінің сайтында көрсетілген.

Діни әдебиеттерді діни ғимараттардан және олардың аумағынан, сонымен қатар арнайы орындардан алу ұсынылады. Аталған арнайы орындардың тізімімен Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігінің сайтында, яғни www.din.gov.kz. танысуға болады.

7. Егер діни ұйымдардың мүшелері көшеде діни әдебиеттер ұсынып, діни жиындарға қатысуға шақыратын болса не істеу керек?

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес дінге қатысты діни шараларға қатысуға еркінен тыс күштеуге тыйым салынып, жол берілмейді.

Азаматтың ұсынылған әдебиетті алмай қою құқығына ие. Сонымен қатар, көшеде діни әдебиеттерді заңсыз таратылуы орын алған жағдайда жеке азамат құқық қорғау органдарына немесе Дін істері агенттігіне шағымдана алады.

8. Балам ағылшын тілінің тегін курсына бара бастады, бірақ уақыт өткен соң, оқушылармен сабақ соңында діни тақырыпта әңгімелер жүргізілетіні белгілі болды.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабының 13-тармағына сәйкес діни ұйымдардың Қазақстан Республикасының және шет ел азаматтарын діни ұйымға алдап-арбау, қорқыту, зорлық-зомбылық көрсету арқылы шақыру қызметтері жол берілмейді.

«Неке және отбасы туралы» Заңына сәйкес бала тәрбиесі және білім туралы мәселелерді ата-ана баланың келісімімен шешуі тиіс. Алайда, баланың қызығушылығын тудырмайтын болса ата-ана құқығын пайдалануына болмайды. Ондай діни курстарға бала өзі қызықса ғана ата-анасының бірдей келісімімен бара алады.

Сонымен қатар, діни білімдерді тек арнайы тіркелген діни ұйымдар мен дін таратушылар жүзеге асыра алады.

Көрсетілген факт құқықбұзушылық болып табылады және Сіз тұрғылықты құқық қорғау органдарына шағымдана аласыз.

9. Бұрынғы әйелім кәмелет жасқа толмаған баламды менің (бала әкесінің) рұқсатымсыз діни жиналыстарға ертіп апарады. Не істесем болады?

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес ата-ана кәмелет жасына толмаған балаларын діни аумақта тәрбиелей алады, егер, ондай тәрбие бала денсаулығына психикалық және физикалық әсер етпеген жағдайды қоса алғанда. Егер ата-ананың біреуі тәрбие беруге қауіп тұрғанын білсе, онда ол жергілікті атқарушы органдарына шағымдана алады.

«Неке және отбасы туралы» Заңына сәйкес бала тәрбиесі және білім алуы мәселелерін ата-ана баласының пікірін ескере отырып, келісіп шешуі тиіс. Діни орындарға бала өзі қалаған жағдайда немесе ата-анасының келісімімен ғана бара алады. Егер ата-аналар арасында келіспеушілік туындаса, сотқа немесе қамқоршылық органдарына шағымдана алады.

10. Біздің үйдің ауласында қайырымдылық шарасы өткізіліп, онда балаларға сыйлыққа қоса діни әдебиеттер таратылды. Бұл заңды ма?

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабы 13-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық қызмет арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасау жолымен не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

Оған қоса, Заңның 9-бабы 2-тармағына сәйкес діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі.

Осыған байланысты, діни мазмұндағы кітаптарды және өзге де ақпараттық материалдарды қайырымдылық шара түрінде таратуы заңсыз болып саналады.

Бұл орайда, Сіз тұратын мекенжай бойынша жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарына хабарлауға құқылысыз.

11. Менің қарындасым «Ата жолы» ұйымына баруда. Содан бері ол ашуланшақ, психикасы тұрақсыз болып, елестеушілік (галлюцинаторлық) өзгерістер пайда бола бастады. Не істесе болады?

Аталған ұйымның басты мақсаты адамнан ақша алып, оны әулие ету. Емдеу курсына Қазақстанның оңтүстік өңірлердегі әулие жерлеріне бару және аруақтармен сөйлесу кіреді. Олар адамға, ол жерде әулиелік және емдеу қабілеттері бар екендігін, басқа адамдарды ауру дерттерден емдей алатындығын сендіреді. Алайда, аруақтардың айтқанына ермесе, оның басына бәлекет түседі.

2008 жылғы 31 шілдеде № 201 ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен құрылған сарапшы комиссиясының бағалауына сәйкес, «Ата жолы» ұйымының емдеу әдістері халықтық медицинаға жатпайтындығы дәлелденді.

Сонымен қатар, «Ата жолы» ұйымының қызметінде, ұлттық қауіпсіздігімізге ықтимал қауіп-қатер алып келетін, оккульттік-мистикалық діни ұйымына жататын белгілер табылған болатын.

Адамдардың санасына әсер ететін және алдап-арбау әрекеттері (адамның қазіргі мен өткен өмірімен және ата-бабаларының өткен өмірімен байланыстыру, адамдардың эмоциялық қалпын, олардың сезімдерін және күйзелістерін пайдаланған әрекеттері) анықталған.

Елімізде «Ата жолы» ұйымының қызметі 2009 жылғы сот шешімі бойынша мемлекеттің қауіпсіздігіне халықтың денсаулығына нұқсан келтіру арқылы қауіп төнетін әрекет ретінде тыйым салынды.

Сол себепті, ұйымның қызметі заңсыз ретінде анықталғандықтан, Сіз тұратын мекенжай бойынша жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарына хабарлауға құқылысыз.

12. Адамдар неге деструктивті діни ағымдарының ықпалына түседі?

Кез келген деструктивтік діни ұйымы және оның жетекшілері өзінің қатарына жаңа адептерді тартуға ұмтылып, бірінші кезекте олардың өмірлік маңызды мұқтаждықтарына назар аударады.

Сондықтан, адамды деструктивтік діни ұйымына тарту себептері жетерлі, олардың арасында:

- отбасында, қоғамда, достардың арасында өмірлік іс-әрекетке деген ынталандырмасының жоқтығы;

- өмірдегі махаббат, достық, ұжымшылдық, құрмет, ынтымақтастық сияқты басты құндылықтары бағытынан адасу;

- айналадағы жақын және туған бауырларымен байланыс үзу, оған қоса, мектеп / ЖОО тамамдағанына байланысты; оқу / жұмыс ауыстыру байланысты отбасынан айырылу; тұрақты жұмыстың жоғалтуы / ауысуы, отбасының ажырасуы / ыдырауы, жақын адамдардың ауруы/жоғалтуы; тұрмыс қалпының өзгеруі;

- отбасындағы жағдайсыз моральдық-психологиялық және материалдық жағдайға байланысты жеткіншек баланың қалыптасып келе жатқан психикасына әсер беруі;

- ата-аналардың қоғам арасындағы төменгі мәртебесінен намыстану және басқа да;

Деструктивтік діни ұйымының жетекшілері көпшілік адамдардың өміріндегі осы ерекшеліктерді жақсы біледі, сондықтан, адамдарды өзінің қатарына тарту барысында, оларға байлық береке уәде беріп, ақырында деструктивтік ұйымына алып келеді.

13. Егер сіздің жақыныңыз күмәнді діни ұйымға кіріп кетсе не істеу қажет?

Егер жақыныңыз осындай жағдайға түскен болса, мынадай ұсыныстарды алуы қажет:

1. Психолог-маманнан кәсіби кеңес алу қажет.

«Қауырт желі - 114» ақпараттық-консультативтік орталығының және басқа ұқсас орталықтарының мамандарымен тығыз байланыс орнату керек. Мұндай орталықтар діни ағымдардан зардап шеккендерге және олардың жақындарына психологиялық және консультативтік тұрғыда көмек көрсетеді.

2. Сол ұйымға қатысты толық мәліметті жинау және оқитын әдебиттерінің атауларын және олардың авторларын білу керек.

3. Оны белсенді көндіруге тырыспау – мұндай кезде, қарым-қатынастарыңыздың шиеленісуі әбден мүмкін. Қағида бойынша, деструктивтік ұйымдар келген жаңа мүшесін өзінің жақындарымен байланыстардың үзілуіне итермелеуге тырысады, сол себепті, мұндай жағдайда оны басқару оңай болады. Оған қоса, үй ішіндегі жанжал Сізге пайда алып келмейді. Мұндай кезде, жалықтырмайтын практикасы, бірақ тұрақты қарым-қатынасы дұрыс келеді.

4. Сенімді қарым-қатынастарды сақтау қажет. Адамның мәселесіне сабырлық пен аяушылық ретінде қарау керек, оны уақытша қынжылушылықта болуы деп түсінуге тырысу қажет, алайда ақша бермеу тиіс. Өз жақындарының жылуын сезу үшін, онымен барынша игілікпен сөйлесу керек.

Оның әуелгі өміріндегі отбасының бірге болған жарқын оқиғаларды еске түсіруге тырысуы ұсынылады.

5. Жаңа «достарының» барлық телефон нөмірлерін және мекенжайларын, олардың кездесу жерлерін жазып жүру керек. Сонымен қатар, отбасыңызда бұрын қолданбаған сөздерді жазып жүру де керек, сол арқылы мамандар Сіздің жақыныңыз қандай ағымға түскендігін анықтай біледі.

6. Зардап шеккеннің отбасына, жақындарына мынаны есте сақтау қажет: деструктивтік ағымдардан шыққан көпшілік адамдар психологиялық оңалту және әлеуметтік адаптацияға, жақындарының моральдық көмегіне, толық тіршілік ету үшін оқуға/жұмысқа орналасуға мұқтаж болады

14. Егер жолдасыңыз күдікті діни ұйымның ықпалына түсіп, ол жерге жалақысы мен үйдегі заттарды апаратын болса не істеу қажет?

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 33-бабына сәйкес ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.

Оған қоса, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлкіне ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен табыс сомалары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен алынған табыс сомалары, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары) жатады. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ табыс сомалары есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, пайлар, салымдар, кредиттік ұйымдарға немесе өзге де ұйымдарға салынған, капиталдағы үлестер және ол отбасында кімнің атына сатып алынғанына не ақша қаражаттарын

ерлі-зайыптылардың қайсысы салғанына қарамастан, ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде жинаған басқа да кез келген мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың екеуінің келісімі бойынша жүзеге асырылады. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне билік ету жөнінде ерлі-зайыптылардың біреуі мәміле жасасқан кезде екінші жұбайының келісімі қажет болады.

Сондықтан, ортақ мүлкіне билік ету барысында екінші жұбайының келісімін алмаған жағдайда оңдай келісім заңсыз болып табылады, және сот шешімі арқылы тоқтатылады.

15. Біздің облыста саентология өкілдері түрлі білім беру бағдарламалары мен консалтингтік қызметтер аясында өз діни ілімдерін таратады. Бұл заңды ма?

2012 жылғы қайта тіркеу қорытындысы бойынша саентологиялық ұйымдар діни бірлестік ретінде қайта тіркеу рәсімінен өтпеді. Саентология дін емес болып мойындалып, соның негізінде тіркеуден бас тартылды.

Тиісінше, аталған заңды тұлғалар діни бірлестік ретінде тіркеуден өткен жоқ.

Осыған байланысты, олардың түрлі білім беру бағдарламалары мен консалтингтік қызметтер аясында діни ілімдерін таратуы заңға қайшы болып табылады. Аталған факті бойынша Сіз жергілікті атқарушы және құқық қорғаушы органдарына шағымдануға құқылысыз.

16. Ғаламторда бір діннің басқалардан артықшылығы насихатталатын жабық топқа кіру туралы ұсыныс алдым.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабы 10-тармағына сәйкес, діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

Аталған іс бойынша Сіз тұратын жеріңіздегі құқық қорғау органдарына шағымдана аласыз.

17. Ғибадат үйін салуға рұқсатты қай жерден алса болады және ол үшін қандай құжаттар қажет?

Аталған қызмет облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктерімен «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік қызмет стандарты аясында көрсетіледі.

Ол қызметті алу үшін Сізге келесі құжаттар тізімімен әкімдікке бару қажет:

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, заңды тұлғалар үшін – діни бірлестіктің мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өтуі туралы анықтамалар;
- 3) тіркелген діни бірлестік басшысының қолы қойылған ғибадат үйін (ғимаратын) салу туралы анықтама-негіздеме;
- 4) ғибадат үйін (ғимаратын) салу жоспарланып отырған ауыл (село), кент, шағын аудан, орам аумағында әрекет ететін жергілікті қоғамдастық жиналысы шешімінің көшірмесі;

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен басқа да талаптары туралы толығырақ әкімдіктің немесе Дін істері агенттігінің www.din.gov.kz ресми сайтынан біле аласыз.

18. Неге некелесу рәсімі кезінде неке міндетті түрде АХАТ органдарында тіркелуі қажет?

Исламда некелік қатынастарды бекітудің нақты рәсімі бар, ол – «неке қию». Мұсылман отбасыларының көбі отбасылық өмірге аяқ басар алдында осы рәсімді ұстануға тырысады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы мешіттерде некелесу үшін сол некенің ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңында көрсетілгендей АХАТ бөлімінде мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәліктің көшірмесі қажет.

Зайырлы мемлекетте неке қию туралы құжатты алу жас жанұяға барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен міндеттемелерге ие болуға мүмкіндік береді, оның ішінде:

- болашақ балаларға құқықты заңды түрде бекіту,

- жас отбасы ретінде пәтер алуға кезекке тұру мүмкіндігі,
- балалар туу бойынша жәрдемақы/декреттік төлемдер алу,
- балабақшаларға мемлекеттік кезекке тұру және т.б.

Ажырасқан жағдайда мемлекет ер адамға бұрынғы отбасын асырау жөнінде жауапкершілік жүктейді (алименттер).

Христиандық ілімге сәйкес, адам екі дүниенің азаматы болып табылады: Жоғарыдағы Дүниенің және адам өзі тұратын Жердегі Дүниенің, яғни мемлекеттің және бәрі «кесарю-кесарево» және «божие-Богу» деген шіркеулік түсінікті қолдануы тиіс. Осы діни ұйғарымдардың негізінде, адамға мемлекеттің алдында да, шіркеудің алдында да некесін заңдастыру қажет.

Шіркеу өздерінің қарым-қатынастарын мемлекеттік орган алдында заңдастырмаған адамдардың некесін құпия түрде некелеуге жол бермейді.

Жастар некелерін мемлекетпен тіркеуі – олардың болашақ жанұяларының тағдырына, келешек ұрпаққа қамқорлық пен жауапкершілік алу фактісі болып табылады. Бұл жауапкершілік, Құдайдың алдындағы жауапкершілік әрекеті ретінде, тараптардың шіркеулік неке қию ниетімен арта түседі.

Сонымен бірге, тіркелмеген некеде тұратын адамдар шіркеулік қағидаларға сәйкес күнә әрекеттер жасайды және шіркеулік жораларға жіберілмейді.

Неке қию және оны ғибадат үйлерінде тіркеу мәселесінде ең бастысы, олар да елдің бір бөлігі екенін және сол себептен оның заңдарын бұза алмайтынын, керісінше оны сыйлау керектігін ескерген жөн. Сол себептен шіркеу некелеу рәсімін тек АХАТ органдарында тіркелген жұптарға ғана жасайды.

19. Христиан діні донорлыққа қалай қарайды?

Негізі, қан беру – науқастарға қан құю немесе медициналық препараттар алу үшін адам жағынан ерікті жәрдем болып саналады.

Қан, әр түрлі апаттарда жәбірленген адамдарға, күйік және жарақат алғандарға, ауыр операция өткізу кезінде, қиналып босанған кезінде, қан ауруы (гемофилия, лейкоз) бар науқастарға, жалпы – мұқтаж адамдардың өмірін немесе денсаулығын сақтау үшін керек.

Онкология ауруына шалдыққан науқастарға химиотерапия өткізу кезінде қан ең қажетті болып саналады. Статистика бойынша Жердің әр үшінші тұрғыны өмірде бір рет болса да донорлық қанға мұқтаж болады екен.

Христиан діні бойынша қандай медициналық жәрдем болмасын басты адамның өмірін сақтауына арнауы қажет.

Барлық медициналық араласулар, оған қоса, мүшелерді ауыстыру, қан құю, аз зерттелген дәрі-дәрмектерді пайдалану, тек басқа мүмкіндік болмаған жағдайда ғана рұқсат беріледі.

Православиелік шіркеуі донорлықта немесе науқастарға қан беруде ешқандай тосқауылықтар жоқ екендігін мойындайды.

Католицизмде де қан құюға тыйым салынбайды.

Інжілдік мәтіндерде қан ішуге тыйым бар. Алайда, (мыс., Лев. 17) қан адам санасының иесі еместігі туралы түсіндіріледі, ондай жағдайда, қан құю танымас өзгерістерге алып келер еді.

Басқа мысал, бүйрек жетімсіздігі кезінде «жасанды бүйрек» адамның қанын фильтр арқылы аптада бірнеше рет жүргізеді. Сонымен бірге, адамның саны өзгермейді.

Жоғарыда аталғандай, діндерде донорлыққа және қан құюға тыйым жоқ екендігі мәлім болды.

20. Діндердің вакцинациялауға көзқарасы қандай?

Вакцинация – бұл профилактикалық екпе арқылы инфекциялық аурулардың таралуының алдын алу, шектеу қою және жою мақсатында іске асырылатын іс-шаралар жүйесі.

Қазіргі таңда дүние жүзіндегі балалардың 80%-ы, яғни жыл сайын 130 млн. бала екпемен қамтылған, ол өз кезегінде жылына 3 млн. астам өлімнің алдын алуға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) Бас директорының «Вакцина. Иммунизация. Положение в мире» атты кітабында вакцинацияға, адамзаттың ауруларынан сақтайтын тиімді құрал ретінде үлкен көңіл бөлінеді, өйткені «...өмірге қауіпті аурулар күнделікті қатер төндіретін еді. Біз дифтерия, сіреспе және қызылшаның қауіпінде өмір сүретін едік. Полиомиелит балаларға сал аурумен қатер төндіретін еді. Ал қорасан ауруы өлімге әкеліп, адамдардың бет-әлпеттерін бұзуын жалғастыратын еді. Осы аурулардың бәрі көмексіз отбасыларының көзінше адамдардың өмірін қия беруші еді. Өмір ұзақ болмай, адамдардың жүріп-тұруы шектеулі болатын еді. Қалалар мәдениет, сауда және ағарту орталықтары болмай, жұқпа ауруы туралы сәл сөз шықса қашатын орындар болатын еді.

Бүгінде жекелеген отбасылар балаларына екпе жасаудан бас тартатын болды. Ата-аналардың өздерінің айтуы бойынша, оның себептерінің бірі – олардың діни көзқарастары.

Исламда екпе жасауға ресми тыйым салынбаған. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің бірінде – адамның іс-қимылында оның денсаулығына зиян келтіретін ешқандай әрекеттер болмауы тиіс деп айтылған. Ал, екпенің көмегімен адамның ағзасын қауіпті аурулардан құтқаруға болатындығы – ол ғылыми дәлелденген факт, сондықтан ислам екпеге тыйым сала алмайды.

Сондықтан егер екпеде тыйым салынған (харам) элементтер болмаса, онда ислам тұрғысынан оған жол беріледі. Әр жекелеген жағдайда екпеге жүгінер алдында оған жол берілетіндігін нақты анықтау үшін дәрігермен кеңесу қажет.